

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Заң факультеті
Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы

Бекітілді

Заң факультетінің деканы
Байдельдинов Д.Л

«27» 06 2023 ж. Хаттама № 10

ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

GR 2207, GR 2209

Азаматтық құқық (Ерекше бөлім)

Мамандығы: «6В04205 - Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Курс – 2, семестр – 4

Кредит саны –5

Оқу нысаны: күндізгі

«6B04205-Құқықтану» білім беру бағдарламасы негізінде құрастырылды
ПОӘК құрастырған: заң ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы С.Р.Ермухаметова

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасында отырысында қаралды
және ұсынылды «22» 06 2023 ж. №39 хаттама

Кафедра меңгерушісі

з.ғ.д., профессор

Тыныбеков С.Т.

СИЛЛАБУС
2023-2024 оқу жылының көктемгі семестрі
«БВ04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредит -тердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтары (СС)	Зерт. сабақтары (ЗС)		
89759 Азаматтық құқық(ерекше бөлім)	5	1 7	3 3	-	5	6

ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ

Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы
<i>Оффлайн</i>	Б Азаматтық және қылмыстық құқық	Ақпараттық, - түсіндіру, шолудәрісі	заңнаманы талдау, ситуациялық және практикалық тапсырмалар, құжаттар жасау, шағын кеңестер	Универ жүйесінде тест түрінде
Дәріскер (лер)	Ермухаметова Саулегул Раимовна			
e-mail:	saulehan11r@mail.ru			
Телефоны:				
Ассистент (гер)	Алкебаева Д.А., Карашева Ж.Т.			
e-mail:	aseltolegenkyzy1@gmail.com, zari-82@mail.ru			
Телефоны:	+77027644312, +77779999558			

ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)
<p>Пәннің мақсаты: мүлтік қатынастардың жекелеген түрлерін реттейтін құқықтық нормаларды талдау қабілетін қалыптастыру; азаматтық құқықтың жекелеген институттарының нормаларын практикада қолдану; дауларды шешу кезінде заң қызметінде құқықтық нормаларды қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Оқытылатын болады: Шарттардың жекелеген түрлері, зиян келтіруден туындайтын міндеттемелер, конкурстық міндеттемелер,</p>	<p>1. Азаматтық құқықтың ерекше бөлімінің негізгі институттарының заңи түсініктерін және категорияларын түсіндіру</p>	1.1. Міндеттемелік құқықтың ерекше бөлімінің мазмұнын және негізгі категорияларын анықтау;
		1.2. Интеллектуалдық меншік құрылымын, жүйесін, негізгі ұғымдарын түсіндіру;
		1.3. Мұрагерлік құқықтың ұғымдары мен мазмұнын анықтау

<p>мұрагерлік, зияткерлік меншік құқықтары зерделенетін болады.</p>		
	<p>2. Қызмет көрсету шарттары және нақты құқықтық жағдайлар бойынша шарттан және шарттан тыс пайда болатын міндеттемелер туралы нормаларды түсіндіру, пікірлерін талдау</p>	<p>2.1. Заттарды меншік құқығына беру, уақытша пайдалану, жұмыстарды орындау және қызмет көрсету, интеллектуалдық меншікті жасау және пайдалану міндеттемелерінің қатысушылары, мазмұны, шарттарды орындау ерекшеліктері мен шарттардың құқықтық табиғатын анықтау</p> <p>2.2. Шарттық міндеттемелер түрлерін салыстыру</p> <p>2.3. Шарттан тыс міндеттемелер ерекшеліктерін, элементтерін, түрлерін пайда болу негіздерін анықтау</p> <p>2.4 Мүліктік және моральдық зиян келтіргені үшін жалпы негіздерді және шарттарын анықтау;</p> <p>2.5. Қызмет көрсету шарттарының құқықтық негіздерін анықтау</p>
	<p>3. Тәжірибеде интеллектуалдық меншіктің негізгі ережелерін қолдана отырып, нақты жағдайлар бойынша талдаулар жасау, білікті заң қорытындыларын және кеңестер беру</p>	<p>3.1. Авторлық және патенттік құқық объектілерін, ашылмаған ақпаратты, тауар белгілерін, фирмалық атауларды және басқа да интеллектуалдық меншік түрлердің ерекшеліктерін, құқықтық қорғау шарттарын анықтау;</p> <p>3.2. Интеллектуалдық меншік объектілеріне айрықша құқықтардың мазмұнын, туындау және тоқтату негіздерін, пайдалану және қорғау тәсілдерін айқындау</p>
	<p>4. Құқықтық дауларды құқықтық талдау практикасына интеграциялай отырып, мұрагерлік құқықтың ережелерін қолдану</p>	<p>4.1. Заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерліктің жалпы ережелерін қолдану;</p> <p>4.2 Белгілі бір құқықтық жағдайда мұрагерліктің негізін, ашылу уақыты мен орнын, құрамы мен тәртібін белгілеу;</p>
	<p>5. Нақты құқықтық даулардағы, оқшылықтар мен қайшылықтар жағдайындағы фактілер мен болжамдарды оларға дәлелді түрде құқықтық құжаттарды дайындаумен жауап бере отырып бағалау</p>	<p>5.1. Қолданыстағы азаматтық заңнамаға сәйкестігі тұрғысынан нақты құқықтық жағдайлардың фактілеріне, шарттардың және басқа құжаттардың мазмұнына құқықтық баға беру</p>

	5.2 Құқықтық жағдайлардың проблемалық аспектілерін анықтау және оларды өз пайымдауларын әзірлеумен, негіздеумен және қажетті құқықтық құжаттарды әзірлеумен талдау
Пререквизиттер	TGP1201 Мемлекет және құқық теориясы, КР РК 1202 Конституциялық құқық; 89742 Азаматтық құқық (жалпы бөлім)
Постреквизиттер	ТР 2207 Еңбек құқығы, КР 3219 Контракт құқығы, ОКР 3221 Корпоративтік құқық негіздері, МСНР 3222 Халықаралық жее құқық, РР 4311 Кәсіпкерлік құқық
Оқу ресурстары	<p>Әдебиет: негізгі, қосымша.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесімен қабылданған 27 желтоқсан 1994 жыл (өзгертулерімен және толықтыруларымен)//[Электрондық ресурс]: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1006061; 2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) 1 шілде 1999 жыл № 409-І (өзгертулерімен және толықтыруларымен)// [Электрондық ресурс]: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1013880; 3. Гражданское право. Т. 1. Учебник для вузов (академический курс). /Отв ред. М. К. Сулейменов – Алматы, 2018. 4. Гражданское право. Т. 2. Вещное право. Учебник для вузов (академический курс). /Отв ред. М. К. Сулейменов – Алматы, 2018. 5. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть): Комментарий (постатейный). Книга 1. – Алматы, 2020. – 896с. 6. Практикум по гражданскому праву (составители Омарова А.Б., Абишева А.Н.) – Алматы, «Қазақ университеті», 2018г. <p>Интернет-ресурстар: интернет-ресурстардағы нормативтік құқықтық актілер http://elibrary.kaznu.kz/ru https://online.zakon.kz; http://adilet.zan.kz;</p> <p>Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң кітапханасы
Пәннің Академиялық саясаты	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p>Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p>Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p>Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа <u>«Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауды жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі»</u> тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастарымен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.</p> <p>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail saulehan11r@mail.ru</p>

немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы
<https://us05web.zoom.us/j/84967449927?pwd=nLIg4045sHDSW4kwagfuIsG49fXYmT.1> кеңестік көмек ала алады.

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері			
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға				
A	4,0	95-100	Өте жақсы	<p>Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.</p> <p>Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөнгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p>Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгерудегейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.</p>			
A-	3,67	90-94					
B+	3,33	85-89	Жақсы				
B	3,0	80-84					
B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлықсыз			Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар
C+	2,33	70-74				Дәрістердегі белсенділік	5
C-	1,67	60-64				Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	Әр сабаққа 8
D+	1,33	55-59				Бітірушінің өзіндік жұмыстары	15
D	1,0	50-54				Қорытынды бақылау (емтихан)	40
						ЖИЫНТЫҒЫ	100

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
--------	---------------	------------	------------

МОДУЛЬ 1 Шарттан пайда болатын міндеттемелер

1	Д 1. Мүлікті меншік, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару құқығына беру туралы шарттардың құқықтық негіздері	1	
	СС 1. Меншік, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару негізінде сатып алу сатуның негіздерін қазуларды шешу негізінде қарастыру	3	8
2	Д 2. Сатып алу сату шарттарының түрлік сипаттамасының теориясын анықтау	1	
	СС 2. Мүлікті сатып алу сату шарттарының түрлерін құқықтық реттелуін қазуларды шешу негізінде қарастыру	3	8
	БӨЖ 1. БӨЗ 1 бойынша кеңестер Тақырып: Бөлшектен сатып алу, сату. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау		
3	Д3 Мүлікті уақытша пайдалануға беру туралы шарттар ұғымын, мағызын талдау	1	
	СС3. Мүлікті жалдау шарттарының түрлерін құқықтық реттелуін қазуларды шешу негізінде қарастыру. Германия заңнамаларымен салыстыру	3	8
	БӨЗ 1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңды талдау. Заңнамамен жұмыс.		15
4	Д 4. Жалдау шарттарының түрлік сипаттамасын талдау	1	5
	СС 4. Мүлікті жалдау шарттарының түрлерін практикалық тапсырмалар негізінде талдау. Лизинг заңнамаларымен жұмыс. Лизингті рәсімдеу құжаттамаларының жобасын жасау	3	8
5	Д 5. Мердігерлік шарттарының құқықтық реттелуін, түрлік сипаттамасын талқылау	1	
	СС 5. Мердігерлік шартының жалпы ережелерін талқылау. Мердігерлік шарттарындағы мемлекеттік тапсырыстардың маңыздылығы. ЦУР-16	3	8

2-Модуль Ақылы қызмет көрсету шарттарының құқықтық табиғаты

6	Д 6. Ақылы қызмет көрсету шартының құқықтық негіздері	1	5
	СС 6. Ақылы қызмет көрсету шарттарының жобасын жасау негізінде түрлерін талқылау	3	7
	ОБӨЖ 2. БӨЗ 2 орындау бойынша кеңестер. Тасымалдау шарттарының құқықтық реттелуі		
7	Д 7. Тасымалдау шарттарының жалпы ережелері	1	
	СС 7. Жолаушыларды, жүктерді, теңбе жүктерді тасымалдау шарттарының ерекшеліктерін заңнамаларды талдау негізінде бекіту	3	8
	БӨЗ 2. Тасымалдау шарттарының жүзеге асырылуы.		20

Аралық бақылау 1

100

8	Д 8. Тақырып. Конкурстық міндеттемелер түсінігі, құқықтық реттелуі	1	
	СС 8. Тақырып. Конкурстық міндеттемелердің түрлеріне практикалық тапсырмаларды орындау	3	7
	ОБӨЖ 3. БӨЗ 3 Тендердің жүргізілуін құқықтық қамтамасыз ету тапсырмасын орындау бойынша кеңестер.		
9	Д 9. Тақырып. Сақтау, сақтандыру шарттарының құқықтық негіздері.	1	
	СС 9. Тақырып. Сақтандыру шарттарын қазулар негізінде талдау. Сақтандыру түрлерін сипаттау.	3	7
	БӨЗ 3. Тендердің жүргізілуін құқықтық қамтамасыз ету тапсырмасын орындау. Презентация, тест		6
10	Д 10. Тақырып. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарттарының жалпы ережелері	1	
	СС 10. Тақырып. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарттарының жасау, қолдану тәжірибесін талдау	3	7
	ОБӨЖ 4. БӨЗ 4 орындау бойынша кеңестер. Тақырыбы: «Франчайзинг шарттары»		
	БӨЖ «Франчайзинг шарттары» шарт жобасын жасау, қазулар шығару		6

МОДУЛЬ 3 Интеллектуалдық және мұрагерлік құқық негіздері

1	Д 11. Тақырып. Интеллектуалдық меншіктің жалпы ережелері	1	
1	СС 11. Тақырып. Интеллектуалдық меншіктің құқықтық қамтамасыз етілуін талдау	3	7
1	Д 12. Тақырып. Авторлық және сабақтас құқықтар	1	
2	СС 12. Тақырып. Авторлық және сабақтас құқықтар теориясын практикалық бекіту. Авторлық қоғам жұмыстарымен танысу	3	7
	ОБӨЖ 5. БӨЗ 5 орындау бойынша кеңестер. Авторлық және сабақтас құқықтар: ұлттық және халықаралық норма		15
1	Д 13. Тақырып. Селекциялық жетістіктерге құқық	1	
3	СС 13. Тақырып. Селекциялық жетістіктерге құқықты рәсімдеу, дауларды шешуге байланысты қазуларды орындау	3	
1	Д 14. Тақырып. Патент құқығы, топология және микротәсімдерге құқық, азаматтық айналымға қатысушыларды дараландыру құралдарына құқық.	1	
4	СС 14. Тақырып. Азаматтық айналымға қатысушыларды дараландыру құралдарын талдау, қазулар орындау	3	7

	БӨЗ 5. Автолық және сабақтас құқықтар: ұлттық және халықаралық нормаларды талқылау. Интеллектуалдық меншікке қатысты ғылыми еңбектерден конспект жасау, топтарда слайдтар жасау		13
1 5	Д 15. Тақырып. Мұрагерлік институты		
	СС 15. Заң және өсиет бойынша мұрагерлікті казустар орындау негізінде талдау Дебат	7	7
	ОБӨЖ 6 зиян келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелер бойынша тест тапсырмалары		25
Аралық бақылау			100
Қорытынды бауқылау			100
Пән үшін жиынтығы			100

Декан

з.ғ.д., профессор _____ **Д.Л.Байдельдинов**

Кафедра меңгерушісі

з.ғ.д., профессор _____ **С.Т.Тыныбеков**

Дәріскер

з.ғ.к., аға оқытушы _____ **С.Р.Ермухаметова**

СОӨЖ үшін тапсырма

БӨӨЖ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

№	Тақырыптар	Нысаны	Мерзімі	Макс. балл
1	БӨЗ 1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңды талдау. Заңнамамен жұмыс.	Конспект жасау, ауызша заңнаманы талдау. Тақырыпты ашу кезінде: осы қатынасты реттейтін заңнамаларды салыстыра отырып, талдау жасау, алыс-жақын мемлекеттердің бірінің заңнамасымен салыстыру, ерекшеліктерін көрсету керек.	3 апта	15 балл Жұмысты бағалау негіздері: -Идеяның дұрыстығы; материалдардың терең зерттелуі; шешімнің толық болуы; көркемдік безендірілуі; шешендік өнері.
2	ОБӨЖ 2. БӨЗ 2. Тасымалдау шарттарының жүзеге асырылуы. Ұсыныс: тақырып бойынша қажетті құжаттардың үлгілерін құжаттарының жобасын жасай отырып, тақырыпты ашу.	Көлік түрлерімен салыстырмалы кесте, ауызша талдау, практикалық талдау Тақырыпты ашу кезінде: осы қатынасты реттейтін заңнамаларды салыстыра отырып, талдау жасау, алыс-жақын мемлекеттердің бірінің заңнамасымен салыстыру, ерекшеліктерін көрсету керек.	7 апта	20 балл Жұмысты бағалау негіздері: -Идеяның дұрыстығы; материалдардың терең зерттелуі; шешімнің толық болуы; көркемдік безендірілуі; шешендік өнері.
3	БӨЖ 3. Тендердің жүргізілуін құқықтық қамтамасыз ету тапсырмасын орындау. Презентация, тест	Презентация жасау. Тест тапсырмаларын орындау	9 апта	6 балл Жұмысты бағалау негіздері: -Идеяның дұрыстығы; материалдардың терең зерттелуі; шешімнің толық болуы; көркемдік безендірілуі; шешендік өнері.
4	ОБӨЖ 4. БӨЗ 4 орындау бойынша кеңестер. Тақырыбы: «Франчайзинг шарттары»	«Франчайзинг шарттар» шарт жобасын жасау, казустар шығару Тақырыпты ашу	10- апта	6 балл Жұмысты бағалау негіздері: -Идеяның дұрыстығы; материалдардың терең зерттелуі; шешімнің толық болуы;

		<p>кезінде: осы қатынасты реттейтін заңнамаларды салыстыра отырып, талдау жасау, алыс-жақын мемлекеттердің бірінің заңнамасымен салыстыру, ерекшеліктерін көрсету керек.</p>		<p>көркемдік безендірілуі; шешендік өнері.</p>
5	<p>5 БОӨЖ: БӨЖ.</p> <p>Автолық және сабақтас құқықтар: ұлттық және халықаралық норма Ұсыныс: тақырып бойынша қажетті заңнамалармен таныса отырып, тақырыпты ашу.</p>	<p>Teams-та вебинар кесте бойынша Тақырыпты ашу кезінде: осы қатынасты реттейтін заңнамаларды салыстыра отырып, талдау жасау, алыс-жақын мемлекеттердің бірінің заңнамасымен салыстыру, ерекшеліктерін көрсету керек.</p>	12 апта	<p>15 балл</p> <p>Жұмысты бағалау негіздері: -Идеяның дұрыстығы; материалдардың терең зерттелуі; шешімнің толық болуы; көркемдік безендірілуі; шешендік өнері.</p>
6	<p>6 БОӨЖ: 6 БӨЖ</p> <p>Зиян келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелер бойынша тест тапсырмаларын орындау</p>	<p>Тест тапсыру өткен тақырыптар бойынша.</p>	15 апта	25 балл

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

БООЖ тапсырмалары бойынша

1 БООЖ. Тақырыбы: Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңды талдау. 15 балл

		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
		8	6	4	0
1	Теорияларды, курс тұжырымдарын түсіну	Тұтынушылардың құқықтарын қорғау нормаларын, практикалық тұжырымдамаларын терең түсінеді Тапсырманы шешуде ол тұтынушылар құқықтары мен міндеттерін талдау, құқықтарын қорғау кезінде қолданылатын нормаларды қолдануды көрсетеді Мысалдар, өз көзқарасы бойынша тұтынушылар құқықтарын қорғаудың негізгі әдістеріне дәлел келтіреді	Жалпы азаматтық құқықтағы сатып алушының құқықтарына қатысты теорияларды түсінеді (жалпыланған) тұтынушылар құқықтарын қорғаудың жалпылама 3-4 әдісін қолдануды көрсетеді Мысалдар келтіреді, қорытындысы үшін 3-тен 5-ке дейін дәлел келтіреді	Тұтынушылар құқықтарын қорғау нормаларын, ұғымдарын шектеулі түсінеді (тұтынушылар және олардың құқықтары тұжырымдамасының элементтерін түсінеді) Мысалдар, дәлелдер келтірмейді	Жауап тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың жалпы ережелерін және практикада қолданылуын түсінбейді. Сұрақтың мазмұны бойынша жауап бермейді (мазмұны бойынша жауап жоқ)
2	Іс-әрекет әдістерін, құралдары мен технологияларын практикалық қолдану	Тұтынушылардың құқықтарын қорғау әдістерін талдай отырып, сауатты құқықты қолдану әдістерін жүзеге асырады, нормаларды қолданады Кем дегенде 2-3 мысал келтіреді және талдайды Өзінің практикалық дағдыларын жалпылайды және рефлексиялайды	Тұтынушылар құқықтарын қорғаудың жалпылама әдістерін белгілемей, кезең-кезеңімен қолданады жиі қолданылатын әдістерді саралай отырып, өзінің практикалық дағдыларын ішінара жалпылайды және рефлексиялайды	Технология мен әдістердің қадамдарын ішінара қолданады	Әдістерді/технологияларды қарапайым мысалдармен түсіндіреді Мазмұны бойынша жауап жоқ
3	Презентация және жұмысты рәсімдеуді ғылымилық	Жұмысты сауатты және эстетикалық тұрғыдан ескертусіз рәсімдейді	Жұмысты кішігірім кемшіліктермен сауатты рәсімдейді	Жұмысты формалды бөлусіз рәсімдейді үш бөлікке (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)	Жауапты мәтінмен, тұрмыстық тілде баяндайды, әлсіз құрылымға ие.

					Жауапты абзацыз мәтінмен, тұрмыстық тілде баяндайды
4	Ауызша қорғау	Материалды баяндаудың ғылыми тілін меңгерген, қойылған сұрақтарға толық жауап береді, өз ұстанымын талқылайды	Материалды баяндаудың ғылыми тілін меңгерген, қойылған сұрақтарға ішінара жауап береді	Ғылыми терминдердің элементтері бар тұрмыстық тілдегі шешімді айтады	Кейс шешімін тұрмыстық тілде айтады

2 БОӨЖ: «Көлік туралы, Темір жол көлігі туралы заңнамалар негізінде практикалық тапсырмаларды орындау, заңнамаларды талдау» 20 балл

		«Өте жақсы»			
		8	6	4	0
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	Қанағаттанарлықсыз
1	Пәннің теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі	Тасымалдау шарттарын терең түсінеді Тапсырманы шешуде ол тасымалдау түрлерін, тасымалдау ережелерін толық біледі, практикада қолдану бойынша 5-тен астам дәлел келтіреді.	Жалпы теорияларды, азаматтық құқық тұжырымдамаларын түсінеді (жалпыланған) Тасымалдаудың 3-5 түрін және тасымалдау ережелерін қолдануды көрсетеді. Мысалдар келтіреді, өз қорытындысы үшін 3-тен 5-ке дейін дәлел келтіреді	Теорияларды, курс ұғымдарын шектеулі түсінеді (курс теориясының/тұжырымдамасының элементтерін түсінеді) Мысалдар, дәлелдер келтірмейді	Жауап курстың тұжырымдамалары мен теорияларына сүйенуді қамтымайды/көрсетпейді. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді.
	Пәннің негізгі мәселелерін ұғынуы	Тасымалдаудың негізгі ережелерін сауатты, қолданады Кем дегенде 2-3 мысал келтіреді және талдайды Өзінің практикалық дағдыларын жалпылайды	Тасымалдау шарттарының орындалуына Практикалық мысалдармен, дәлелдерімен күшейтеді.	Тасымалдау қатынастар тұжырымдамаларының шектеулі байланысы және шектеулі қолдану.	Теория мен практика байланысы шамалы немесе жоқ, нормаларды аз немесе мүлдем қолданбайды. Тасымалдау заңнамаларын мүлдем қолданбайды. Сұраққа жауабы мүлдем сай келмейді.
	Ауызша қорғау сауаттылығы	Қойылған сұрақтарға толық жауап береді, өз ұстанымын талқылайды. Оқу материалын шығармашылық түрде игерген және маңызын ашу үшін қосымша әдебиеттерді пайдаланады	Маңызды мәселелерді сауатты, жеткізе алады, қойылған сұрақтарға ішінара жауап береді	Шығармашылық қабілеті қалыптасқан, нормаларды жеткізу қалыпты	Диалогтар, шығармашылық құқықты қолдану сауаттылығы жоқ
БӨЖ 3. Тендердің жүргізілуін құқықтық қамтамасыз ету тапсырмасын орындау. Презентация, тест 6 балл					
1	теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі	Тендерлік қатынастар теорияларын терең түсінеді, салыстыра алады және өз ойларын байланыстыра алады. Материалды ерекше түсінетіндігін көрсетеді	Тендерлік қатынастар теорияларын талдай алады, өз тұжырымдарын бере алады	Тендерлік қатынастар теорияларын талдауда дереккөздерді орташа деңгейде қолданады	Тендерлік қатынастар туралы түсінбеушілік орын алады, теорияларды талдау жоқ.
	негізгі мәселелерін ұғынуы	Аргументтерді зерттеудің дәлелдерін аукционмен салыстыру арқылы талдайды.	Тендерлік қатынастар тұжырымдамаларын талдап, негіздерін айқындай алады	Тендерлік қатынастар тұжырымдамаларын айқындаудың толық еместігі	Тұжырымдамалар айқындалмаған, талданбаған
	ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Білім алушы шеберлікті көрсетеді. Теориялық білім іс жүзінде қолдану мүмкіндігіне сәйкес. Алынған теориялық білімді жаңа, стандартты емес жағдайда тәжірибеде шығармашылықпен қолдана алады, қалыптасқан заңдылықтарды жаңа	Тендер ережелері анықталады, толық талданбайды. Оқу және практикалық жағдайларға жалпылау және көшіру қабілеті бар	Шектеулі практикалық талдаулар жан-жақты талдауға негізделмеген және толық емес. Талдау негізінде сипаттама беру өте төмен.	практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ.

		оқу және практикалық жағдайларға жалпылау және көшіру қабілетін көрсетеді			
2	теориялар мен тұжырымдамаларын түсінуі	Тұжырымдар мен теориялар түсінуі жоғары дәрежеде, аргументтер келтірілген	Теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі жеткілікті дәрежеде	Шағын қателіктер ішінара сәйкес емес тұжырымдар	Алынған теориялық білімді жағдайға стандартты емес жағдайда тәжірибеде шығармашылық қолдана алуы орташа деңгей

<p>негізгі мәселелері н ұғынуы және презентация жасау қабілеттілігі</p>	<p>білім алушы шеберлікті көрсетеді, іс жүзінде қолдану ол алған теориялық білім алгоритмделген. Презентация толық</p>	<p>алынған теориялық білімді жаңа, стандартты емес жағдайда тәжірибеде шығармашылықпен қолдана алады, яғни ол қалыптасқан заңдылықтарды жаңа оқу және практикалық жағдайларға жалпылау және көшіру қабілетін көрсетеді. Шығармашылық қабілеті бар</p>	<p>тәжірибеде шығармашылықпен қолдану, қалыптасқан заңдылықтарды практикалық жағдайларда қолдану қабілетін толық емес</p>	<p>Материалды минималды түсіну. Бірнеше талаптар орындалды</p>
--	--	---	---	--

Франчайзинг шарттар» шарт жобасын жасау, казустар шығару жазбаша тапсырмасы 6 балл

Критерий	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
Кәсіби сәйкестілік және заңгердің кәсібилігі шарттарды жасай алуы, дауларды шешу білуі	Франчайзинг шарттары туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Кәсіби сәйкестілік және мұғалімнің кәсібилігі теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Франчайзинг шарты туралы теориялар мен тұжырымдамаларды шектеулі түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Франчайзинг шарты туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/ түсінбеушілік. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді.
Кәсіби сәйкестілік және франчайзинг шарттарының негізгі мәселелерін ұғынуы	Франчайзинг шарттарының негізгі ұғымдарын Қазақстан заңнамалармен жақсы байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу (франчайзинг шарттары туралы статистикалық талдау негізінде).	Мұғалімнің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігінің негізгі ұғымдарын Қазақстан мәнмәтімен байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.	Франчайзинг шартының Қазақстан заңнамаларымен ғана шектеулі байланысын қарастыру. Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану.	Франчайзинг шартының халықаралық реттелуі анықталмаған. Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.
Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Қазақстанда франчайзинг шарттарының қолданылуы және заңнамаларды жетілдіру бойынша сауатты құқықтық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	Қазақстанда франчайзинг шарттарының қолданылуы және заңнамаларды жетілдіру бойынша кейбір практикалық ұсынымдарды талдап және ұсыныстарды ұсынады	Заңнамалардың қолданылуына шарттардың жобасын жасау толық емес, қателіктер жіберілген.	Заңнамаларды жетілдіру, қолдануға қатысты практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.
Жазу, Шарт мазмұны	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Шарт жобасын талаптарын қатаң ұстанады.	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді.	Шарт жобасын жасауда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет.	Жазғаны түсініксіз, мазмұнына қажетті ережелер қамтылмаған.

«Автолық және сабақтас құқықтар: ұлттық және халықаралық норма». Топтық жұмыс. 15 балл

Критерий	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
«Автолық және сабақтас құқықтар: ұлттық және халықаралық норма» сәйкестілігі тұжырымдамаларын түсінуі	«Автолық және сабақтас құқықтар туралы ұлттық және халықаралық нормаларды, тұжырымдамаларды терең түсіну.	Автолық және сабақтас құқықтар туралы теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі.	Автолық және сабақтас құқықтар туралы теориялары мен тұжырымдамаларын шектеулі түсінуі.	Автолық және сабақтас құқықтар туралы сабақтас құқықтар заңнамаларды, теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт

				түсіну/түсінбеушіліктің жоқтығы.
Қазақстандағы «Автолық және сабақтас құқықтар: ұлттық және халықаралық норма» мәселелері туралы хабардар болу	Автолық және сабақтас құқықтар туралы ұлттық және халықаралық нормалардың негізгі ұғымдарының Қазақстан мәнмәтімен сауатты арақатынасы. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен өте жақсы негіздеу (мысалы, статистикалық талдау негізінде).	Автолық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасы мен халықаралық нормалар мәтінімен байланысы бар. Аргументтер эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен расталады.	Автолық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының заңнамалары мен халықаралық нормалармен шектеулі байланысы. Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану.	Автолық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының заңнамалары мен халықаралық нормалармен байланысы шамалы немесе жоқ. Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.
Сынамалы зерттеулер	Халықаралық және ұлттық нормаларды зерттеу нәтижелерін өте жақсы пайдалану.	Халықаралық және ұлттық нормаларды зерттеу жақсы пайдалану.	Халықаралық және ұлттық нормаларды зерттеуді қанағаттанарлықтай пайдалану.	Практикалық материалдарды нашар пайдалану.
Теориялық ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар ұсыныстар	Автолық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының заңнамалары мен халықаралық нормалармен реттелуінің практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	Автолық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының заңнамалары мен халықаралық нормалармен шектеулі байланысына қатысты практикалық ұсынымдарды ұсыныстарды ұсынады	Шектеулі ұсынымдар шетел заңнамаларын талдауға негізделмеген және таяз.	Теория мен практикалық байланыс жоқ.
Тұсаукесер, Топтық жұмыс	Өте жақсы, тартымды тұсаукесер, визуалды эффектiлердiң, слайдтардың, материалдардың тамаша сапасы, керемет топтық жұмыс.	Жақсы тартымдылық, визуалды эффектiлердiң, слайдтардың немесе басқа материалдардың жақсы сапасы, командалық жұмыстың жақсы деңгейi.	Тартымдылық деңгейiнiң қанағаттанарлық, визуалды эффектiлердiң, слайдтардың немесе басқа материалдардың қанағаттанарлық сапасы, командалық жұмыстың қанағаттанарлық деңгейi.	Тартымдылық деңгейiнiң төмендiгi, визуалды эффектiлердiң, слайдтардың немесе басқа материалдардың төмен сапасы, командалық жұмыстың төмен деңгейi.

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

Мамандығы: «БВ04205 - Құқықтану»

Пән: Азаматтық құқық (ерекше бөлім)

4. Дәріс кешені

Ітақырып: Мүлікті меншік, шаруашылық жүргізу, ораламды басқару құқығына беру туралы шарттардың құқықтық негіздері.

Дәріс мақсаты: Мүлікті меншік (шаруашылық жүргізу, жедел басқару) құқығына беру туралы шарттардың құқықтық қамтамасыз етілуі туралы түсінік беру.

Түйінді сөздер: сатушы, сатып алушы, баға, шарт нысаны, жауапкершілік.

Негізгі сұрақтар: Сатып алу-сату шартының түсінігі мен маңызы. Сатып алу сату шартының құқықтық реттелуі. Сатушы мен сатушының құқықтары мен міндеттері. Сатып алу сату шарттарының орындалуы. Сатып алу сату шартының негізгі ережелері. Тараптардың жауапкершілігі.

Орындауға методикалық нұсқаулар: Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі және қосымша нормативтік актілерді қолдану және мүлікті меншік құқығына (шаруашылық жүргізу, жедел басқару) беру туралы шарттарға қатысты сот тәжірибесімен танысу

Дәрістің қысқаша жазбасы. Сатып алу сату шарты - бір тарап (сатушы) затты екінші тараптың (сатып алушының) меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына беруге міндеттенуі, ал сатып алушы затты қабылдауға және ол үшін ақы төлеуге міндеттенуі жөніндегі келісім. Сатып алу сату шарты ауызша немесе жазбаша (жай, білікті жазбаша: нотариалды куәландыру, мемлекеттік тіркеу;) нысанда жасалуы мүмкін. Екі жақты, консенсуалды, ақылы;

Жалпы ереже бойынша шарттың елеулі ережелері: тауардың атауы және тауардың саны;

Субъектілері: жалпы ереже бойынша: кез келген жеке тұлға, заңды тұлға, мемлекет және әкімшілік бөлініс; кейбір түрлері бойынша нақты субъектілер де көзделеді.

Объектілері: азаматтық айналымнан алынбаған сатушының меншігіндегі немесе ол жасайтын, яки сатып алатын кез келген азаматтық айналымнан алынбаған зат (тауар);

Түрлері:

- Бөлшектеп сатып алу сату
- Тауар жеткізілім шарты
- Келісім шарт жасасу шарты
- Энергиямен жабдықтау шарты
- Қозғалмайтын мүлікті сатып алу сату шарты;
- Кәсіпорынды сатып алу сату шарты

Тараптардың құқықтары:

Сатушы-тауарды алған сатып алушы оның ақысын төлеу міндетін шартта белгіленген мерзімде орындамаған жағдайларда сатушы берілген тауарға ақы төлеуді немесе ақы төленбеген тауарларды қайтаруды талап етуге құқылы;

Сатып алушы бөліп-бөліп төлеу арқылы сатылған тауар үшін кезекті төлемді шартта белгіленген мерзімде төлемесе, егер шартта өзгеше көзделмесе, сатушы, сатып алушыдан алған төлем сомасы тауар бағасының жартысынан асатын жағдайларды қоспағанда, шартты орындаудан бас тартуға және сатылған тауардың қайтарылуын талап етуге құқылы;

Сатып алушы - шартта көзделген аз сандағы тауарды беретін болса, тауарды толықтырып беруін талап етуге немесе берілген тауардан толықтай бас тартуға; артық тауардан бас тартуға; тауарлардың ассортиментін жеке анықтауға немесе шарттан бас тартуға; егер тауарға кепілді мерзім немесе жарамдылық мерзімі белгіленбесе, сатылған тауардағы кемшіліктер қисынды мерзімде, бірақ тауардың сатып алушыға берілген күнінен бастап 2 жыл шегінде табылған жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта неғұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, сатып алушы тауардың кемшіліктеріне байланысты талаптар қоя алады.

Міндеттері: сатушы: тиісті сандағы тауарды беруге; тауарды тиісті ассортиментте беруге; мақсатына жарамды тауар беруге; тауарды шарт ережелеріне немесе нормативтік актілердің талаптарына немесе оның сақталуын, жеткізілуін қамтамасыз ету мақсатында буып түюге; сатушының сатып алушыға тауарды беру міндетін орындау мерзімі шартта белгіленеді, ал егер

шартта мерзімді белгілеуге мүмкіндік болмаса, АҚ-ң 277, 2-тармақ: «Міндеттемеде ол орындалатын мерзім көзделмесе және бұл мерзімді анықтауға мүмкіндік беретін шарттар болмаса, ол міндеттеме пайда болғаннан кейін ақылға қонымды мерзімде орындалуға тиіс». Ақылға қонымды мерзімде орындалмаған, сол сияқты орындалу мерзімі талап етілетін кезбен белгіленген міндеттемені, егер заңдардан, міндеттеме шарттарынан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан немесе міндеттеме мәнінен басқа мерзімде орындау міндеті туындамаса, борышқор несие беруші оның орындалуын талап еткен күннен бастап жеті күн мерзімде орындауға міндетті.

Меншік құқығы, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығы сатып алушыға тауарды берместен бұрын ауысқан кезде сатушы тауарды бергенге дейін оның нашарлауына жол бермей сақтауға міндетті. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, сатып алушы сатушыға бұған қажетті шығындарды өтеуге міндетті.

- ҚР азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілде;
- «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР 2011 жылғы 1 наурыз;
- «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» ҚР заңы 2010 жылғы 4 мамыр;
- «Тауар биржалары туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 мамыр;
- «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» ҚР 2007 жылғы 26 шілде;

2 тақырып: Сатып алу сату шарттарының түрлік сипаттамасының теориясын анықтау

Дәріс мақсаты: Сатып алу сату шарттарының түрлері туралы түсінік беру.

Түйінді сөздер: сатушы, сатып алушы, баға, шарт нысаны, жауапкершілік.

Негізгі сұрақтар: Бөлшек сатып алу-сатудың құқықтық ерекшеліктері. Энергиямен жабдықтау шартының құқықтық қамтамасыз етілуі. Тауар жеткізілімі шартын құқықтық қамтамасыз ету. Контрактация шартының түсінігі. Кәсіпорынды сатып алу-сату шартының құқықтық ерекшеліктері.

Кәсіпорынды сатып алу-сату шарты-сатушы сатып алушының меншігіне кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде беруге міндеттенеді, ал сатып алушы қабылдауға және келісілген бағаны төлеуге міндеттенеді; консенсуалды, екі жақты, ақылы; жазбаша және мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс;

Субъектілері: азаматтық-құқықтық қатынастардың кез-келген жеке/заңды тұлғалары;

Объектісі: кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын мүліктік кешен. Кәсіпорынның құрамына кіретіндер: жер учаскілері; ғимараттар; құрал-жабдықтар, шикізат, дайын өнімдер; талап ету құқықтары, қарыздар; кәсіпорынды дараландыратын айрықша құқықтар (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі); кейбір міндеттер мен құқықтар сатып алушыға ауыспайды (мысалы, лицензиясы қызмет, жұмыс түрлері);

кәсіпорынның қызметкерлеріне, жұмысшыларына қатысты құқықтары мен міндеттері сатушыдан сатып алушыға еңбек заңнамасына сай ауысады.

Кәсіпорынды сату сатыларына тоқталатын болсақ:

- кәсіпорынның құрамы мен бағасын анықтау;
- кәсіпорынды сатып алу сату шартын жасау;
- кәсіпорынның сатылатыны жөнінде несие берушілерді хабардар ету;
- өткізуге актісін жасау арқылы кәсіпорынды сатып алушыға беру; кәсіпорынға меншік құқығының ауысуын мемлекеттік тіркеу.

Тауар сату жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сатушы бөлшектен сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушыға кәсіпкерлік қызметке байланысты емес, әдетте жеке өзіне, отбасында, үйінде немесе өзге де пайдалануға арналған тауарларды беруге міндеттенеді (ҚР АҚ 445-бабы).

Бөлшектен сатып алу-сату шарты жария шарт (Азаматтық кодекстің 445-бабының 2-тармағы). Оның осы қасиетіне байланысты бөлшек саудамен жүзеге асыратын кәсіпорын немесе қандай да болсын кәсіпкер кезкелген шарт жасауға міндетті. Заңдарда (заңнамада) қарастырылғанды қоспаған кәсіпкер бөлшек сатып алу-сату шарттарын жасағанда бір тұлғаға өзге

тұлға алдында артықшылық жасауға құқылы емес. Яғни шарттың бағасы, өзге жағдайлары барлық тұтынушыларға бірдей болуы керек, ал заңнамамен қарастырылса тұтынушылардың бөлек санаттары үшін жеңілдік жасалуы мүмкін. Кәсіпорын тауарды беру мүмкіншілігі бола тұрып бөлшек сатып алу-сату шартын жасасудан бас тартса, тұтынушы өзіне негізсіз бас тартумен келтірілген шығындарды өндіріп ала алады.

Бөлшектеп сатып алу-сату шартының осы ерекшелігі оны жасасу тәртібіне де әсер етеді. Көбінесе ұсынушы (оферент) бұл сатушы, ал шарт жасасу туралы ұсыныс (оферта) деп аталады. Бөлшектеп сатып алу-сату шарты тараптар шарттың заты, бағасы және тиісті қажеттілігі туралы кемінде бір тарап айтатын өзге жағдайлар бойынша келісімге келген сәттен бастап жасалған болып табылады.

Ұсынысты қабылдау (акцепт) туралы айтып кетейік. Сатып алушы тарабының ол көпшілік жағдайларда тауардың бағасын төлеу арқылы жасалады. Бөлшектеп сатып алу-сату шартының нысаны. Әдетте бөлшектеп сатып алу-сату шарттарының нысаны ауызша болып келеді, сонымен қатар бұл шарттарды жазбаша нысанда жасау мүмкіншілігі де жоққа шығармайды. Жазбаша нысан тараптардың құқықтары мен міндеттері болашақ уақытқа арналса орынды болып келеді. Мысалы, тауарлар алдын-ала тапсырыстар негізінде, пошта арқылы жіберу жолымен сатылады, жеңіл автокөлік сатылады ж.б.

Егер заң актілерінде немесе бөлшектеп сатып алу-сату шартында, соның ішінде сатып алушы қосылатын формулалардың немесе өзге де стандарттық нысандарының талаптарында өзгеше белгіленбесе, сатушы сатып алушыға қасса немесе тауар чегін немесе тауарға ақы төленгенін растайтын өзге де құжатты берген кезден бастап бөлшектеп сатып алу-сату шарты тиісті нысанда жасалған болып есептеледі. Аталған құжаттардың сатып алушыда болмауы оны шарттың жасалғандығын және жағдайларын растау үшін куәлік айғақтарға сүйену мүмкіндігінен айырмайды.

Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заң төмендегілерді реттейді: тұтынушылардың тауар туралы ақпарат алуы кезіндегі қарым-қатынасты, сапаға сәйкес келетін тауар ауыстырып алуды, тұтынушылардың оларға сапасы тиісті болып келмейтін тауар сатылғанына жұмыстар орындау, қызмет көрсету туралы шарттардың бұзылуына байланысты құқықтары, тұтынушылар өздерінің өмірімен денсаулыққа құқықтарын асырғанына байланысты қатынастарды. Жоғарыда аталғандар мен оның элементтері бөлшек сатып алу-сату шарттарындағы тараптар қарым қатынастары ерекшелігінің түйінін құрайды.

Шарт бойынша, сатушы болып тек қана кәсіпкер тауарларды сататын ұйым немесе азамат табыла алады. Бөлшектеп сатып алу-сату шартының нысанасы айналымнан алынып тасталмаған кезкелген заттар болуы мүмкін. Олардың қатарына жеке сипаттарымен де тектік сипаттарымен де анықталатын заттар жатады. Бір ғана тауар бөлшек сатып алу-сатудың да тауар жеткізілімі шартының да нысанасы бола алады (егер мысалы, жеңіл автокөлікті өз мұқтажында көлік ұйымы сатып алса). Егер автомобиль сатушысы жеке тұлға болса, онда бұл Азаматтық кодекстің жалпы нормаларымен реттелетін қарапайым сатып алу-сату шарты болып келеді. Қолда бар затты сатумен қатар келешекте пайда болатын заттар да сатылуы мүмкін. Келешекте пайда болатын заттар каталогтарға енгізілуі, ал өздері болса өндірісте әлі де шығарылмауы мүмкін. Бөлшек сауда болашақтағы заттар сатылатыны тұтынушының жағдайын ешқалайша нашарлатпауы, оған тәуекелдерді жүктемеуі керек. Бұл шартты сипаттайтын ерекшелік - шарт шынайы орындалғанға дейін барлық тәуекелдер сатушының мойнында болып келеді.

Бөлшектеп сатып алу-сату шартының мазмұны. Сатушының бөлшектеп сатып алу-сату шарттарында бірне-ше ерекше міндеттері бар. Бөлшек сатып алу-сату шартын жаса-мақ алдында сатушы сатып алушыға тауар туралы қажетті және сенімді ақпарат беруі керек. Кәсіпқой ретінде сатушы сатып алушыға берілетін ақпарат мазмұнын өзі айқындайды. Дегенмен, ақпарат өзіне міндетті кезеңдерді енгізуі қажет: олар, баға жөніндегі сенімді және қажетті хабар алушының қызықтырған өнім туралы тұтынушылық қасиеті жайлы мәлімет, затты тұтыну жайлы ереже, оны сақтау және қауіпсіз пайдаға асыру тәртібі. Ал азық түлік өнімдеріне қатысты өнімнің құрамы, қуаттылығы, денсаулыққа зиянды заттар құрамы және сақталу мерзімі туралы ақпарат берілуі тиіс. Бұл ақпарат тұтынушыға тек ауызша түрде жеткізілмейді, сонымен қатар өнімнің техникалық құжаттамасында көрсетіледі, тауарда өнімнің дайындалған және сатылған мерзімі, өзге

де белгілері болуы керек. Олар тауарға сауданың бір немесе өзге саласында қолданылатын тәсілдермен негізделеді.

Азық-түлік тауарлары, дәрі-дәрмек, косметика бұйымдарына (уақыт өте келе бұзылатын өнімдер) пайдалануға берілген мерзімі, пайдаланудан шығатын уақыты көрсетілуге міндетті. Кейбір тауарлар өзінің тұтынушылық қасиетін мерзімінен ерте жоғалтып алады. Сатып алушыға бұл жағдай да ескертілуі қажет, ал тауар уақытынан ерте бұзылған кезде оны сатуға шығаруды тоқтату керек. Сатушы сатуға шығарған бұйымның сатып алушының өзі мен жанұя мүшелерінің өмірі мен денсаулығына зиян келтірмеуге міндетті. Осыған сәйкес, тұтынушы өнімінің көрсетілген мерзім ішінде қауіпсіздігін талап етуге құқылы. Өнімнің адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіпсіздігіне қатысты талаптар міндетті болып келеді және мемлекеттік стандартқа сай анықталады. Мұндай өнім міндетті түрде сертификатталады, ал өнімде оның стандарттар талаптарына сәйкес келетінін растайтын белгісі болмаса өнімді сатуға және пайдалануға тиым салынады.

Барлық азық-түлік өнімдері, бояулар мен лактар, шампунь, тіс жуатын ұнтақтар мен пасталарға екі тілде де тауардың тұтыну қасиеті, қоспасы тауар құрамының консерванттары мен бояулары, пайдалану мерзімі, өндіруші туралы деректер болуы қажет. Мұндай түсініктемелер мен нұсқаулар мұздатқыштарға, кір жуғыш машиналарға, шаңсорғыштарға, теледидарға, ойыншықтарға берілуі қажет. Бөлшектеп сатып алу-сату шарты сатушының тауарды жеткізіп беру міндетін қарастыруы мүмкін. Азаматтық заңға сәйкес бұл екі жағдайда жүзеге асады. Біріншіден, бөлшектеп сатып алу-сату шарты үлгілер жүйесінде жүзеге асса, яғни сатып алушының тауардың үлгісімен танысуы (тауардың суреттемесі мен каталогы) арқылы жасалса. Егер заң актілерімен немесе шартпен басқа жағдай (талап) қарастырылмаса, сатушы тауарды шартта көрсетілген мекен-жайға мысалы азаматтық жұмыс орнына жеткізіп берсе, келісімшарт орындалған болып есептелінеді. Тауарды беру орны шартпен анықталмаса, онда тауар азаматтың тұрғылықты жеріне немесе заңды тұлғаның тұрған жеріне (орналасқан жеріне) жеткізілген соң тауар берілген болып есептеледі. Осы міндетті орындау мерзімі қисынды қажетті уақыт кезеңімен анықталады.

Екіншіден, бөлшектеп сатып алу-сату шарты арнайы тауарды сатып алушыға жеткізіп беру талабымен (жағдайымен) жасалуы мүмкін. Осындай шарт жасалса сатушының және сатып алушының араларында жеткізу мерзімі туралы, сол сияқты сатып алушы сонда қабылдауды жүзеге асырғысы келетін қандай да болсын жер көрсетіледі. Өзгешелік заң актілерімен әлде шартпен қарастырылмаса, болмаса міндеттеме мәнісінен туындамаса сатушы тауарды сатып алушыға бергеннен кейін, ол жоқ болса квитанцияны немесе шарт жасалғанын растайтын өзге тұлғаға бергеннен кейін шарт орындалған болып есептеледі. Қазіргі уақытта оларды жасаған кезде ешқандай құжат толтырылмайтын, тауарды жеткізіп беру міндетін қарастыратын бөлшектеп сатып алу-сату шарттары кең тарады. Мысалы, телефон арқылы дайын тағамдарға, өзге тауарларға тапсырыс беріледі.

